bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2020

**БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ТІЛІ**

# Әлемдік мәдени мұралар

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 28.11.2020 | https://bilimger.kz/85893/ |

| | | |
|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы:** 3-бөлім. Әлемнің жеті кереметі<br>Мектеп: №34 орта мектебі<br>Күні: 09.10.2019 жыл<br>Мұғалімнің аты-жөні: Мадиярова Маншук Сабыржановна<br>Сынып: 6<br>Қатысқандар: 25 Қатыспағандар:0<br>Сабақ тақырыбы: Әлемдік мәдени мұралар | | |
| **Оқу мақсаты** | 6.1.3.1-тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, детальды ақпаратты анықтау<br>6.4.1.1-тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу | |
| **Сабақтың мақсаты** | Барлық оқушылар орындай алады:<br>Мәтін мазмұнын түсінеді, детальды ақпаратты анықтайды, тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазады.<br>Оқушылардың көпшілігі орындай алады:<br>Мәтінді тыңдау арқылы сұрақтар құрастырады, мәтіндегі ақпараттарды талдайды.<br>Кейбір оқушылар орындай алады:<br>Мәтіндегі ақпараттар негізінде өзі ой-тұжырым жасайды, алған білімді өмірде қолдана біледі. | |
| **Бағалау критерийі** | — мәтіннің мазмұнын түсінеді<br>— детальды ақпаратты анықтайды<br>— тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазады | |
| **Тілдік мақсаттар** | Оқушылар орындай алады: мәтінді мұқият тыңдайды, мазмұнын түсінеді, детальды ақпаратты анықтайды, тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазады.<br>Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: Мысыр пирамидасы, Артемида ғибадатханасы, Родос алыбы, Зевс мүсіні, Галикарнас кесенесі, Александрия бағдаршырағы, Бабылдың аспалы бағы.<br>Диалог құруға / шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:<br>Менің ойымша, нақтырақ айтқанда… | |
| **Құндылыққа баулу** | «Мәңгілік Ел» тұғыры – «Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы» тұғыры. Білім алушыларды мәдени мұраларға құрмет көрсету, оларды қорғау, жанашырлық таныту, азаматтық жауапкершілік қасиеттеріне баулу, тәрбиелеу. | |
| **Пәнаралық байланыс** | Дүниежүзі тарихы, география, өнер | |
| **Алдыңғы білім** | Білім алушылар алдыңғы өткен білімді қайталау. | |
| **Жоспар** | | |
| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері | Ресурстар |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

5 минут

**Ұйымдастыру:** Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу.
«Гүлмен тілек» әдісі арқылы оқушылар бір-біріне бүгінгі күнге тілек тілейді.

Интербелсенді тақта

«Ыстық орындық» әдісі арқылы өткен тақырыптарға шолу жасау.
1. Екпін дегеніміз не?
2. Екпіннің қандай түрлері бар?
3. Ой екпініне мысалдар келтір.
4. Тіркес екпініне тоқтал.

С.
**Тыңдалым алды тапсырмасы.**
Формасы: ТЖ
Ойлан, тап.
Тақырыпты ашу. Оқушылар тақтадағы сурет қиындылары арқылы бүгінгі жаңа тақырыпты ашады.

25 минут

Топқа бөлінеді.
Жаңа сабақты түсіндіру.
Екі, кейде үш сөзден құралған кісі аттары түбірі сақталып, бірге жазылады. Мысалы: Досжан, Әбдіманат, Мергенбай, Қартбай.
**Тыңдалым тапсырмасы.**
Формасы: ЖЖ
Әдісі: Сұрақ-жауап
А) Берілген мәтінді мұқият тыңда. Мәтіннен детальды ақпаратты анықта.
Аудио мәтін тыңдалады.
Оқушылар бір-біріне сұрақтар қою арқылы детальды ақпаратты анықтайды.
Дескриптор:
-мәтінді тыңдайды
— мәтін мазмұнын түсінеді
-сұрақтар құрастыра алады
-детальды ақпаратты анықтайды
Қалыптастырушы бағалау:
Бірін-бірі бағалау, «Екі жұлдыз, бір тілек» , графикалық жұлдыздар арқылы
Формасы: ӨЖ
Әдісі: «Еркін әңгіме»
Ә) 9-тапсырма.

Оқулық

Әлемнің жеті кереметінің біріне саяхат жаса. Шағын мәтін жаз. Мәтін жазу барысында жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жаз.
Дескриптор:
— тыңдалым мәтінін қайта тыңдайды
— шағын мәтін жазады
— жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазады

Қалыптастырушы бағалау:
мұғалімнің бағалауы, ауызша комментарий
**Тыңдалымнан кейінгі тапсырма**
Формасы: ӨЖ
Әдісі: «Сұрақ ілмегі» әдісі
Оқушы сабақтың қай бөлігін немесе тақырыпты түсінбеген болса, сабақ төңірегінде ойландырып жүрген сұрақтарын ашық айтады.
Дескриптор:
— оқушылар ойларын ашық айтады
— сұрақтар құрастырады
— сұраққа жауап береді
Қалыптастырушы бағалау: өзін-өзі бағалау, бағалау парағы, ауызша

| Оқушының аты-жөні | Маған түсініксіз болған мәселе |
|---|---|
| | |

**Рефлексия**
Сабақ барысында көңіл-күйіңіз қандай болды? Неліктен?
Бүгін не білдіңіз? Сіз үшін не жаңалық болды?
Сабаққа қатысуыңызды қалай бағалайсыз?
Сабақта қандай қиындықтар туындады?
Сабақ аяқталғанда көңіл-күйіңіз қандай? Неліктен?
**Кері байланыс**
Бес саусақ тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жазу.

| | |
|---|---|
| Бас бармақ -басты мәселе<br>Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе не болды? | |
| Балаң үйрек-бірлесу<br>Мен топта қалай жұмыс жасадым?Кімге көмек бердім? | |
| Ортан терек-ойлану<br>Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым? | |
| Шылдыр шүмек-шынайылық.<br>Сабақ маған ұнады ма?Неліктен? | |
| Кішкентай бөбек-көңіл күй ахуалы.<br>Мен өзімді сабақта қалай сезіндім? | |

10 минут

**Үйге тапсырма:**
«Әлемдік мәдени мұралар-баға жетпес байлық» тақырыбында эссе жазу

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.